

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 17 наурыздағы № 17 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6181 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 12 қарашадағы № 134 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2012.11.12 № 134 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы бірыңғай статистикалық есепті одан әрі жетілдіру мақсатында "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін құру және оның жүргізілуі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2009 жылғы 29 қыркүйектегі № 53 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5854 тіркелген):

аталған бұйрықпен бекітілген әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық):

1-тармақта "мемлекеттік органдарға бірыңғай" сөздерінен кейін тұрған " әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулысы заңды күшке енген" сөздері алып тасталсын;

4-тармақта:

екінші бөлімдегі "Әскери басқармада" сөздер "Комитеттің әскери басқармасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліммен толықтырылсын:

"ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қызметкерлері анықтаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар Комитет басқармаларында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орны бойынша есепке алынады.";

7-тармақта:

екінші бөлімдегі екінші сөйлем келесі мазмұнда жазылсын:

"Ішкі істер органдары үшін 22-29 деректемелер толтырылуы қажет";

екінші бөлімнен кейінгі үшінші бөлім келесі мазмұнда толықтырылсын:

"Қаулы шығарылған соң, соттар аталған деректемелерді толтырады және жоғарыда аталған АЕҚ сот қабылдаған шешім туралы мәліметтерді АЕҚ-на енгізу үшін әкімшілік практика субъектілеріне жолдайды.";

8-тармақтағы "(есептік тоқсан айының 30 санына дейін)" деген сөздер мынадай сөздермен ауыстырылсын "(келесі есептік тоқсан айының 10 санына дейін)";

9-тармақтың төртінші және бесінші бөлімінде "басқармаға", "Басқармалармен" деген сөздер "әкімшілік практика субъектісіне", "Әкімшілік практика субъектісімен" деген сөздерімен ауыстырылсын;

10-тармақ келесі мазмұнда толықтырылсын:

"Егер қаулы заңды күшіне енген күннен бастап, бір жыл мерзім ішінде, ал салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулысы бойынша заңды күшіне енген күннен 5 жыл мерзім ішінде қаулы орындалмаса, ҚРӘҚТК 703-бабына сәйкес әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулы белсенді есепке алынудан шығарылуы керек.";

15-тармақтың екінші бөлімінде "3.1", "3.2" сандарынан кейін "күні" сөзімен толықтырылсын;

21-тармақта "10-шы деректемеде" сөздерінен кейін ", ал соттар үшін сот органдарына түскен күні 10.1-ші деректемеде" сөздерімен толықтырылсын;

келесі мазмұнда 29-1-тармағымен толықтырылсын:

"29-1. 19-деректемеде ҚРӘҚТК 672-бабына сәйкес наразылық шығарылған күні, ал 20-деректемеде оның қарау қорытындысы көрсетіледі. 19 және 20-деректемелерді соттардың БААТЖ-нен деректерді шығарған кезде, бірінші сатылы соттар толтырады.";

30-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"30. Соттардың БААТЖ-нен апелляциялық сатылы соттың қарау нәтижесі туралы осы Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес №2-АП нысанды ЕАҚ шығарылады."

31-тармақта:

"17" саны "21" санымен ауыстырылсын;

"Сол сияқты 17.1. деректеме– сот қызметкерлеріне қатысты." сөйлемі алып тасталсын;

32-тармақта "18", "25" сандары "22", "29" сандарымен ауыстырылсын;

33-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"33. Электронды №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру "жеке тұлғалар үшін "Тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жері, ЖИИ" деректемелерін немесе заңды тұлғалар үшін "Заңды тұлға атауы", "Салық төлеушінің тіркеу нөмірі, БИН, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды мекенжайы" деректемелерін толтырудан басталады. Заңды тұлғалардың деректері кодтары көрсетілген заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерліктердің нысандары түрлерінің толық анықтамалығын экранға шығару жолымен толтырылады. Жеке кәсіпкерге АЕҚ-ын толтыру жеке тұлға үшін толтыру түріне ұқсас келеді.

"Заңды тұлға атауы, заңды мекенжайы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі" деректемесі қысқартуларсыз, материалда (хаттамада, істе) көрсетілген мәліметтерді енгізе отырып толтырылады.

Жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты мәліметтерді енгізу барысында жеке және заңды тұлғаларға қатысты мәлімет енгізуге арналған кіріспелер жасырылады.

Жеке және заңды тұлғалардың бекіту мәліметтерін толтырғаннан соң, бағдарлама соңғыларын жойып тастамау әдісімен, түзетулер енгізу мүмкіндігімен енгізілетін тұлғаларға қатысты мәліметтердің бар екендігі туралы анықтамаларды ұсынады, сонымен қатар мәліметтердің сақталуы толық жүзеге асырылады. Жаңа ақпараттардың енгізілуі "Жаңа кәртiшке" терезесінде жүргізіледі".

Электронды форматта толтырудың бірінші деректемесі құқық бұзушылықты анықтаған "орган" деректемесі болып табылады. Аталған деректеме ведомство кодын таңдау жолымен толтырылады. Кодтары көрсетілген әкімшілік субъектілердің толық анықтамалығын шақыру тышқанның оң жақ батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады.

"Соның ішінде мемлекеттік органның бастамасымен", "Жасалған орны" және "Материалды қараған орган" деректемелер бөліктері ел аймақтарының немесе әкімшілік практика субъектілерінің толық анықтамалығы көмегімен ведомство кодын сәйкестендіріп қою жолымен толтырылады.

Әкімшілік материалдарды сот органдарына жіберген кезде негіз (хаттама, түбіртек, қаулы, материал, іс, ұйғарым және т.б.) көрсетіле отырып, 3.2-деректеме толтырылады.

"Материал нөмірі және басталу күні", "Істі қараған тұлғаның аты-жөні", "Тіркеудің күні мен нөмірі" және "ҚСЖАЕК келіп түсу күні" № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ көрсетілген мәліметтерді енгізумен немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдармен (хаттама, іс) толтырылады. Ведомстволық деректер банкі бар әкімшілік практика субъектілері "ҚСЖАЕК келіп түскен күні" деректемесін толтыру барысында, онда АЕҚ енгізуінің нақты күнін белгілейді. Материалдарда әкімшілік істі қозғап, қылмыстық істен бас тарту туралы

мәліметтер болған кезде, "Бас тарту материалының нөмірі және ҚІҚБТ күні" толтырылады. "Субъект", "Кәсібі", "Біліктілік" және "Кінә нысаны" деректемелері әкімшілік практика субъектілерінің кодификациялық тізбесін, ҚРӘҚТК баптарының тізбесін қамтитын анықтамалықтарды тармақтар мен тармақшаларға бөле отырып, сонымен қатар кінә нысандары түрлерін пайдаланып толтырылады.

"Құқық бұзушылық біліктілігі" деректемесінде тармақты немесе тармақшаны көрсету қажет болған жағдайда, енгізу барысында олардың алдына "0 (нөл)" саны қойылады. Мысалы, 79-5-бап, 2-бөлім 079502 түрінде, 532-бап, 1-бөлім 532001 түрінде белгіленеді.

Құқық бұзушылық фабуласы толық аяқталған сөздермен толықтырылады. Өткен жылдардағы кәртiшкелердi, оларда құқық бұзушылықтар фабулаларының жоқтығын ескере отырып түзеткен кезде, ҚРӘҚТК баптарының атаулары жазылады.

"Негізгі жазалау шаралары", "Қосымша" және "Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары" деректемелері де қандай да бір жазалау шаралары сәйкес келетін кодты тышқан тетігінің оң жақ батырмасын басу арқылы қойып, экранға жаза түрлерін белгілеп, тек жоғарыда көрсетілген баптарға қатысты қолданылатын толық анықтамалықты шығару үшін толтырылады.

Мысалы, ӘҚБК 423-бабын көрсету барысында, анықтама "айыппұл", "тұтқынға алу", "рұқсаттамадан айыру (тоқтату)" деректемелерінен тұратын болады, себебі аталған баптың диспозициясы тек осы жазаларды тағуды көздейді.

"Келтірілген шығын сомасы", "Мемлекет пайдасына өндірілген", "Салынған айыппұл мөлшері" және "Өтелген айыппұл мөлшері" деректемелері материалдарда (хаттама, істе) нүкте және үтірсіз теңге түрінде көрсетілген сомаларды көрсетумен толтырылады.

Мемлекетке келтірген шығын сомасы сауда және қаржы, салық салу, кеден ісі және т.б. саласында құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда көрсетіледі.

АЕҚ соманы төлеу және толық өтеу туралы мәліметтерді бір мезгілде көрсеткенде, әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы жөніндегі ескерту толтырылмайды.

Егер әкімшілік практика субъектісі ҚРӘҚТК 641-бабына сәйкес әкімшілік істі қысқартса, "Қысқартқан күні" 11.4 деректемесіне белгі қойылады.

"Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны" деректемелері кәртiшкеде, материалдарда (хаттамада, істе) көрсетілген мәліметтер бойынша толтырылады.

"Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны", "Заңды тұлға/жеке кәсіпкерлік атау", "заңды мекенжай", "салық төлеушінің тіркеу нөмірі" деректемелері заңды тұлғаның мәліметтерін енгізген кезде толтырылады.

"Кәртiшкенi толтырған тұлғаның аты-жөнi және лауазымы" деректемесi аты-жөнiн, лауазымын қысқартусыз толтырылады.

1-АП электрондық кәртiшкесiнiң 6 және 7-парақтары iшкi iстер органдарының толтыруына арналған.";

35-тармақ келесi редакцияда жазылсын:

"35. Шағым немесе наразылық бойынша сотқа түскен әкiмшiлiк iс бойынша БААТЖ-нен (Бiрыңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесi) сандық форматта соттар ұсынған мәлiметтер № 2-АП нысанды АЕҚ-қа шығарылады.";

Нұсқаулыққа қоса берiлген 1, 2 және 3 қосымшалар осы бұйрыққа қоса берiлген 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын:

2) күшi жойылды – ҚР Бас Прокурорының 2012.09.24 № 113 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгiзiледi) Бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерiс енгiзiлдi – ҚР Бас Прокурорының 2012.09.24 № 113 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгiзiледi) Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөнiндегi комитетi (одан әрi – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркеулуiн қамтамасыз етсiн;

2) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектiлерiне және Комитеттiң аумақтық органдарына орындау үшiн жолдасын.

3. Осы бұйрықтық орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсiн.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркелгеннен соң қолданысқа енедi.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

Қ. Мәми

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2010 жылғы 17 наурыздағы
№ 17 бұйрығына 1-қосымша
Әкiмшiлiк құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғалар
туралы орталықтандырылған
деректер банкiн құру туралы"
Нұсқаулыққа № 1-қосымша

1-ӘҚ нысанды Әкiмшiлiк құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу кәртiшкесi

1. _____
құқық бұзушылықты анықтаған органның аталуы
1.1. _____
соның iшiнде, мемлекеттiк орган бастамасы бойынша

2. _____

құқық бұзушылық жасалған орын

3. _____

істі, материалды (хаттаманы) қарастырған

өкілетті орган

3.1. ведомстволығы (соттылығы) бойынша түскен күні " __ " __ 20__ ж.

3.2. Сот органдарына қарау үшін жолдаған күні " __ " __ 20__ ж.

4. Істегі материалдың (хаттаманың) нөмірі _____

басталған күні " __ " __ 20__ ж.

4.1. бас тарту материалының нөмірі _____

ҚІҚБТ күні " __ " __ 20__ ж.

5. _____

істі қараған лауазымды тұлғаның аты-жөні

6. Тіркеу күні " __ " __ 20__ ж.

6.1. " __ " __ 20__ ж. № _____

тіркелген күні және әкімшілік практика

субъектісінің тіркеу нөмірі

7. ҚСЖАЕКБ келіп түскен күні " __ " __ 20__ ж.

Түзету күні " __ " __ 20__ ж.

8. Субъект: жеке тұлға "1";

жеке кәсіпкер "2"; заңды тұлға "3"; шетел заңды тұлғасы "4";

шетелдік қатысудағы заңды тұлға "5"; лауазымды тұлға "25"; "26" лауазымды тұлғаға теңестірілген;

8.1. орган қызметкерлері: ӘМ ҚАЖК "6"; қаржы полициясы "7"; ішкі істер "8"; қорғаныс министрліктері "9"; ұлттық қауіпсіздік "10"; еден қызметі "11"; шекара қызметі "12"; прокуратуралар "13"; салық қызметі "14"; Төтенше жағдайлар министрлігі "15"; ҚР ИІМ ішкі әскер "16"; Республикалық Гвардия "17"; соттар "18"; Әкімдер "19"; епутаттар "20"; Президенттікке үміткерлер "21"; сот орындаушылары "22"; басқа да мемлекеттік құрылымдар "23"; арнайы қызметтер "24";

Соттың басқа да қызметшілері "56", ҚМ техникалық қызметі "56", министрліктер қызметшілері: әділет "51", қаржы "27", білім және ғылым "28", ауыл шаруашылық "29", сыртқы істер "30", энергетика және минералды ресурстар "31", денсаулық қорғау "32", индустрия және сауда "33", қоршаған ортаны қорғау "34", экономика және бюджеттік жоспарлау "35", туризм және спорт "36", мәдениет және ақпарат "37", еңбек және халықты әлеуметтік қорғау "38", көлік және коммуникация "39";

агенттік қызметшілері: статистика бойынша "40", жер ресурстарымен басқару "41", табиғи монополиялары реттеу "42", қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу "43", мемлекеттік істер бойынша "44", ақпараттандыру және байланыс "45", Алматы қаласы аумақтық қаржы қызметін реттеу бойынша "46", Ұлттық космостық агенттік "47"; Ұлттық банк "48", Республикалық бюджеттің орындалуын қадағалау бойынша есеп комитеті "49", әкімдіктер қызметкерлері және олардың құрылымдық бөлімшелері "50", өзге де мемлекеттік құрылымдар қызметшілері "23", лауазымды тұлға "25", лауазымды тұлғаға теңестірілген "26", бәсекелестікті қорғау "52", басқалар "53", жұмыс істемейтіндер "54".

9. Құқық бұзушылық дәрежесі Қазақстан Республикасы

ӘҚБК _____ бабы _____ б. _____ т.

9.1. Кінә нысаны: "1" - қасақана, "2" - абайсыздықта.

9.2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған (анықталған) күні " __ " __ 20__ ж.

9.3. Құқық бұзушылық фабуласы

10. Әкімшілік істі қарастырған күн

10.1 Сот органдарына түскен күні " __ " 20__ ж. _____

" __ " __ 20__ ж.

11. Жазаның әкімшілік шаралары (ҚР ӘҚБК 46, 57-баптары):

11.1. негізгі: "01" - ескерту; "02" - айып; "03" - тұтқын;

20. Қарау нәтижесі:

"1"-бас тартылған; "2"-өзгертілген; "3" - өзгеріссіз

21. Қызметкердің аты-жөні, лауазымы, қолы, толтырған күні

"__" "_____" 20__ жыл

Ескерту: 19 және 19.1-жолдарды бірінші сатылы соттар толтырады

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫМЕН ТОЛТЫРЫЛАДЫ

22. ПО қызметкерлерімен анықталды: полицияның учаскелік инспекторларымен /1/, кәмелет жасқа толмағандар істері бойынша инспекторымен /2/, патрульдік полиция /3/, лицензиялық рұқсаттама жұмысы қызметкерімен /4/, табиғат қорғау және мал-дәрігерлік полиция қызметкерлерімен /5/, көші-қон полициясы қызметкерлерімен /6/, арнайы мекемелер қызметкерлерімен /7/, мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерімен /8/, жол полициясы қызметкерлерімен /9/, өзге де ПО қызметтері қызметкерлерімен /10/.

23. Тұлға ПО есепке алынды: бұрын сотталған /1/, ПО әкімшілік қадағалауында тұрған /2/, Алкогольдік ішімдікке байланысты ауруға шалдыққан, денсаулық қорғау мекемелерінде есепке алынған /3/, қылмыстық-мерзімінен бұрын босатылған тұлға /4/.

24. Көлік түрі: "01" - жеңіл, "02" - ауыр, "03" - автобус, "04" - өзге.

25. Көлік маркасы: _____

26. Көліктің мемлекеттік нөмірі _____

27. Көлік двигателінің, кузовының нөмірлері _____

28. Көліктің меншіктілігі "01"-жеке, "02"-мемлекеттік, "03"-өзге

29. Жүргізу куәлігінің нөмірі және сериясы

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының\
2010 жылғы 17 наурыздағы № 17
бұйрығына 2-қосымша
Әкімшілік құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғаларды
орталықтандырылған банкке алу
туралы Нұсқаулыққа 2-қосымша

Заңды күшке енбеген қаулыларды қайта қарау тәртібінде қаралған әкімшілік істерді есепке алу бойынша № 2-ӘҚ нысанды кәртiшке

(облыстық және оларға теңестірілген соттар үшін)(ӘҚБК 655 бабының 39
тарауы)

1. Келіп түсті (сот атауы) _____

2. Күні " __ " _____ 20 __ ж.

3. № _____ бойынша түсті

4. Жоғарыда тұрған сот атауы _____

4.1 Алқа _____

4.2 Судьяның аты-жөні _____

5. Құқық бұзушылық біліктілігі (ӘҚБК бабы) _____

6. Тегі _____

6.1. Аты _____

6.2. Әкесінің аты _____

6.3. Туған күні " ____ " _____ жыл

6.4. Жұмыс орны _____
Лауазымы _____

7. Заңды тұлғаның атауы _____

8. Істің келіп түсу негізі: наразылық бойынша (1), шағым бойынша (2), шағым және наразылық бойынша бір мезгілде (3)

9. Кері шақыртылды "___" _____ 20__ ж.

9.1. Кері қайтарылғаны: наразылық (1), шағым (2), шағым мен наразылық бір мезгілде(3)

10. Қараусыз қайтарылу күні "___" _____ 20__ ж.

11. Іс қаралуға тағайындалды "___" _____ 20__ ж.

12. Қарау күні "___" _____ 20__ ж.

13. Мемлекеттік тілде қаралды (1)

14. **Қарау нәтижесі:** өзгертусіз қалдырылды (01), алып тасталды (02), өзгертілді және қысқартылды (ӘҚБК 68 және 580, 581 баптары бойынша) (03), алып тасталды және жаңа қаулы шығарылды (04), алып тасталды және ведомстволығы бойынша жолданды (05)

14.1. шағым қанағаттандырылған (1), келесі бөлім бойынша шағым қанағаттандырылған (2), қанағаттандырылмаған шағым (3)

14.2 наразылық қанағаттандырылған (1), келесі бөлім бойынша наразылық қанағаттандырылған (2), қанағаттандырылмаған наразылық (3)

15. Іс 1-ші сатылы сотқа қайтарылды "___" _____ 20__ ж.

16. АЕҚ құрастырған қызметкердің аты-жөні _____
колы _____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2010 жылғы 17 наурыздағы
№ 17 бұйрығына 3-қосымша
Әкімшілік құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғаларды
орталықтандырылған банкке алу
туралы Нұсқаулыққа 3-ші қосымша

Заңды күшке енген қаулыларды және ұйғарымдарды қайта қарау тәртібінде қаралған әкімшілік істерді есепке алу бойынша №3-ӘҚ нысанды кәртiшке

(облыстық және оларға теңестірілген соттар, ҚР Жоғарғы Соты үшін)

1. Іс келіп түскен соттың атауы

1.1 Келіп түскен күні "___" _____ 20__ ж.

1.2. Іс № _____

2. Іс келіп түскен жоғарыда тұрған соттың атауы _____

2.1 соттағы іс № _____

2.2 Сот алқасы _____

3. Құқық бұзушылық біліктілігі (ӘҚБК бабы) _____

4. Тегі _____

4.1 Аты _____

4.2 Әкесінің аты _____

4.3 туған күні "___" _____ жылы Туған жері _____

5. Жұмыс орны _____ 5.1 Лауазымы _____

6. Заңды тұлға атауы _____
7. Істің келіп түсу негізі: қаулыға қатысты наразылық бойынша (01), ұйғарымға қатысты наразылық бойынша (02), қаулыға және ұйғарымға наразылық бойынша (03)
8. Кері шақыртылды " __ " _____ 20__ ж. 8.1 наразылық
9. Іс қаралуға тағайындалды " __ " _____ 20__ ж. 9.1 Қаралды " __ " _____ 20__ ж.
10. Істі қарау нәтижесінде төмендегілер қанағаттандырылды: қаулыға қатысты наразылық (01), ұйғарымға қатысты наразылық (02), қаулыға және ұйғарымға қатысты наразылық (03) 10.1 қаулыға наразылық қанағаттандырылған (01), қанағаттандырылмаған (02) 10.2 ұйғарымға наразылық қанағаттандырылған (01), қанағаттандырылмаған (02) 10.3 қаулыға және ұйғарымға наразылық қанағаттандырылған (01), қанағаттандырылмаған (02)
11. Іс 1-ші сатылы сотқа қайтарылды " __ " _____ 20__ ж.
12. АЕҚ құрастырған қызметкердің аты-жөні _____ қолы _____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2010 жылғы 17 наурыздағы
№ 17 бұйрығына 4-қосымша

"Уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижесі туралы" №1-ӘҚ нысанды есебі

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 2012.09.24 № 113 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының 2010 жылғы
17 наурыздағы № 17 бұйрығына
5-қосымша

Уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижесі туралы" №1-ӘҚ нысанды есебі.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 2012.09.24 № 113 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының 2010 жылғы
17 наурыздағы № 17 бұйрығына
6-қосымша

"Уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижесі туралы" №1-ӘҚ нысанды есебі

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 2012.09.24 № 113 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК